апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+

газета издается с 26.06.2004 года

№ 46/742

19 ноября 2021 года

*Тұңғыш президент күні*

## ЕЛБАСЫ - ЕЛ ІРГЕСІН ҚАЛАУШЫ ТҰЛҒА

**Қазақстан халқы 1 желтоқсан күні еліміз үшін елеулі оқиға - Тұңғыш Президент күнін атап өтеді. Мұның себебі неде? Себебі тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап, шекарасын шегелеп, болашаққа бағыт-бағдар берген Тұңғыш Президенттің халық алдындағы еңбегі ұшан-теңіз.**

Сәл тарихқа шегініс жасар болсақ, 1991 жылғы 1 желтоқсанда, алғаш рет жалпыхалықтық сайлау өтіп, егемен Қазақстанның негізін салушы - Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Сайлауға қатысқандардың 98,78%-ы жақтап дауыс берді. Бұл жаңа мемлекет қалыптасуының өтпелі кезеңінде сенімді басшыға өз тағдырын тапсырған Қазақстан халқының жауапты таңдауы еді. Шын мәнінде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз және ділміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды. Қазақстанның шынайы егемендігін қамтамасыз еткен маңызды мемлекеттік актілерге қол қойылды. Мәселен, 1991 жылдың 29 тамызында Нұрсұлтан Назарбаевтың Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлығы шықты. Сондай-ақ 1991 жылдың 25 қазанында Президенттің Жарлықтарымен Қауіпсіздік кеңесі және мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Оған дейін Президент «Одаққа бағынған мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды ҚКСР иелігіне ауыстыру туралы» және «ҚКСР-ның алмас және алтын қорын құру туралы» Жарлық шығарды. Қысқасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің іргетасы осылай қаланды.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы Президенттің қызметімен тікелей байланысты. Яғни Ұлт Көшбасшысының ғылыми, саяси ізденістерімен байланысты десек - қателеспейміз. Бұл - ақиқат. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Мысалы, 1993 жылы «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясы» деген еңбек жазды. Сонда «Қазақстан құқықтық демократиялық мемлекетке айна-



луы үшін қандай қадамдарға бару керек, экономиканы дамыту үшін қандай міндеттерді атқару керек, нарықтық қатынастарды қалай қалыптастыру қажет, Қазақстанның мемлекеттік мүддесі дегеніміз не?» деген сауалдарға жауап береді. Сондай-ақ осы аталған міндеттемелерді қалай атқарылуы керектігі көрсетілген. Міне, сол тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ, яғни 1993 жылы Президент Қазақстан дамуының басты бағдарын анықтап берді. Одан кейін 1997 жылы «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы жасалды. Онда еліміздің тұтастығы, қауіпсіздігі, халықтың әл-ауқаты, бәрі-бәрі қамтылған.

Бағдарламада «біз алдағы отыз жылдың ішінде орта дамыған мемлекеттердің қатарына кіреміз» деген мақсат қойылған болатын. Қазір біз отыз жылдың ішінде емес, бар-жоғы он бес жылдың ішінде әлемдегі дамыған, өркениетті мемлекеттердің қатарына ендік. Бұл табыс па - табыс! Президенттің еңбегі ме - еңбегі! Мұны қарапайым еңбек адамынан бастап, лауазым иелеріне дейін бір-ауыздан мойындайды. Рас, алғашында 2030 бағдарламасы утопия секілді көрінген. Бірақ уақыт өте келе бағдарламада қамтылған салалардың бәрі жемісін берді, нәтижесін көрсетті. «Қазақстан индустриялық-иновациялық елге айналуы керек» деген болатын Елбасы. Қазақстан тек шикізат отаны болып қалмауы тиіс, өндіріп, өндеп шығаратын іргелі елге айналуы қажеттігі де айтылған. Соның бәрі бүгін орындалып жатыр. Бұдан тыс, сыртқы саясатқа келетін болсақ, Елбасының бұл салада да үлесі сүбелі. Еңбегі ерен. ТМД-ның негізн салуға, осы аяда өмір сүріп жатқан тәуелсіз мемлекеттердің бостандығы баянды болуына, елдер арасында достық пейілдегі жақсы қарым-қатынас орнауына ерекше тер төкті. Саяси, экономи-калық, мәдени интеграция құруға арналған көптеген бастама-жобалардың авторы болды. Мәселен, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Бірыңғай экономикалық кеңістік, Кеден одағы, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы, Шанхай Ынтымақтастық ұйымы, т.б. атауға ие болады.

Бұдан тыс, қазіргі кезде түркітілдес мемлекеттер одағын құру жөніндегі бастамасы да үлкен қолдау табуда. Сөз жоқ, үлкен саясаткер, әлемдік деңгейдегі бірегей тұлға. Еуропаның қауіпсіздігі және ынты-мақтастығы ұйымына, Ислам ынтымақ-тастығы ұйымына Қазақстанның төрағалық етуінің бәрі Нұрсұлтан Назарбаевтың беделінің арқасы. Әлем Қазақстанды Елбасының арқасында таныды, мойындады. Елбасы «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген. Айтқаны келді. Қазақстан тәуелсіз ел атанды. Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз еліміздің керемет сәулетшісі.

**Батыл Бүлдіршін,**
**Приозерск қаласының белсенді жастары**

## СОБЫТИЯ ГОРОДСКОЙ ЖИЗНИ

*Пресс-служба информирует*

**Пресс-служба акимата города Приозерск информирует жителей города Приозерск об отдельных мероприятиях, прошедших на истекшей неделе.**

Так, заместитель акима города Приозерск Казиева Ботагоз Ануаровна, в честь празднования Дня национальной валюты Республики Казахстан поздравила работ-



ников финансовой системы с профессиональным праздником и вручила им грамоты акима города и благодарственные письма за многолетний труд и вклад в развитие финансовой системы города. От лица руководства города, она пожелала всем работникам данной сферы дальнейшего эффективного труда на благо страны, здоровья и счастья.

**Коммунальными службами города** в течение недели была проделана работа по поддержанию в стабильном состоянии систем водо-теплоснабжения и бесперебойному обеспечению данными услугами потребителей города.

Так по по состоянию на 15 ноября **на участке тепловодоснабжения** произведена:

-изоляция трубопровода теплоснабжения диаметром 76мм по ул.Достык 16 м;

-изоляция трубопровода теплоснабжения диам. 200мм по ул.Пушкина 6А-10 м;

-изоляция трубопровода теплоснабжения диаметром 200 мм по бульвару Женис 2 - 15 м;

-ремонт сетей водоснабжения по ул.Озерная 28;

На **участке канализации** выполнена очистка колодца КНС № 1,2,3.

На городском **Водозаборе № 2** произведена промывка 4-х фильтров.

Городская **котельная №1** продолжает функционировать в штатном режиме, бесперебойно обеспечивая теплом городские организации и жителей города.

На 17:45 часов на котельной №1 работали котлы № 1,3,5. Температура на подаче-65 С, на обратке - 52 С. Все мероприятия по стабильному тепловодоснабжению города находятся на постоянном контроле у руководства города.

13 ноября **в футзале лечебно - оздорови-тельного комплекса "Балхаш"** состоялось **открытие мини-футбольной Лиги "Кубок акима города-2021"**.

В церемонии открытия приняли участие представители 10 команд.



В ходе церемонии открытия выступил и поздравил руководитель Молодежного ресурсного центра У.Алмас. Также с обращением к участникам турнира выступил главный судья Лиги Саилов Кайрат, который ознакомил всех участников с положением футзала.

После церемонии открытия, согласно жеребьевке, прошли первые игры Лиги на кубок акима. Лига продлится до 27 ноября.

В преддверии зимы и ожидания холодов природа преподносит свои сюрпризы. В ряде областей юга страны отметились штормовые ветры с осадками. Город Приозерск, по сравнению с другими населенными пунктами, пострадал в меньшей степени, но и нам для устранения последствий разбушевавшейся стихии предстоит сделать немало. В связи с неблагоприятными погодными условиями Аким города Приозерск провел совещание по ликвидации последствий, сложившейся в результате штормового ветра. В ходе совещания даны поручения мобилизовать все имеющиеся средства по преодолению последствий стихии, организации помощи людям, как можно быстрее приступить к восстановлению инфраструктуры. Руководителям отделов поручено быть на постоянной связи с населением, оперативно реагировать на возникающие проблемы.

Также, в связи с ухудшением погодных условий, аким города Приозерск внепланово посетил городскую котельную №1, которая работает в штатном режиме. Осмотрев объект, Сапар Сатаев дал поручения руководителю ТОО «Сарышаган Сужылу-2014» держать весь процесс работы на особом контроле.

В целях обеспечения безопасности граждан **аким города Приозерск Сапар Сатаев**, посредством социальных сетей, **обратился к жителям города** с предостережением о соблюдении осторожности до стабилизации погодных условий. Жителям города было рекомендовано оставаться дома, в связи с сохраняющимся неблагоприятным метеопрогнозом. Аким города заверил, что принимаются все необходимые меры по поддержанию стабильной и безопасной жизнедеятельности города.

**Пресс-служба акимата**
**города Приозерск**

*Маңызды сұқбат!*

# БАЛАЛАРДЫ ВАКЦИНАЛАУ

## (COVID-19 - дан қорғанудың жалғыз тиімді әдісі – иммундау!)



***2019-жылдан басталған COVID-19 жұқпалы дертіне қарсы күресте әлем бойынша жалпы халықты вакциналау қажеттігі туындаған болатын. Бұл шешімге келіспей, қарсы келген, әлеуметтік желілер арқылы әртүрлі қауесеттер тарағанынынан бәріміз хабардармыз. Алайда, өзінің денсаулығын ойлаған басым көпшілік екпе алды және ол нәтижесін берді де. Ендігі кезекте балаларды вакциналау міндеті тұр. Бұған қарсы болғандар бұрынғыдай көп болмағанымен, әлі де түсінбеушілікке салынушылар, үрке қараушылар бар екендігі жасырын емес. «Біз балалар қоғамның ең мобильді бөлігі екенін, олардың ересектермен де, құрдастарымен де байланыс жасайтынын, мектепке баратынын, сондықтан олардың инфекцияның тасымалдаушысы екенін түсінуге тиіспіз. Сондықтан көптеген елдерде балаларды вакциналау туралы шешім қабылданды. 2000-нан астам балаға жүргізілген клиникалық зерттеулер Pfizer вакцинасының қауіпсіз және тиімді екенін көрсетті» - деп сендіреді денсаулық саласының мамадары. Осы мәселеге қатысты «Қарағанды облысының тауарлар мен көрсетілетің қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің» Приозерск қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызмет сапасы мен қауіпсіздігін бақылау РММ санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы Гаухар Серікққызы Өнербекова және «Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі арасындағы болаған сұқбатты қала тұрғындарының назарына ұсынамыз.***

**Тілші:** ***Қаладағы бүгінге шейінгі эпидемиологиялық ахуалды және балаларға екпе жасау туралы түсінік бере кетсеңіз.***

**Гаухар Серікқызы:** Приозерск қаласының аумағында 2021-жыл басынан бері 503 сараптама жолымен анықталған коронавирустық сырқаты тіркелген, оның ішінде ересектер арасында 380 (75,5%), 14 жасқа дейінгі балалар ішінде 123 (24,4%). Оқушылар арасында сырқаттану пайызы 13,9% (70 бала), бала бақшаға баратын балалар арасында 2,1% (11бала), ұйымдаспаған балалар арасында 8,3% (42 бала). Жасөспірімдер арасында 24 жағдай, жалпы ауырғандар санының 4,7 % құрап отыр. Осы балалар арасындағы сырқатқа сараптама талдау жасау нәтижесі және сонымен қатар эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, балалар арасында сырқаттың таралмауына, «ұжымдық иммунитет» қалыптастыру мақсатында, қазіргі таңда 12 жас пен 18 жас аралығындағы балаларға иммундау кампаниясын жүргізілу көзделген. Коронавирустық инфекцияларға қарсы вакциналар сырқат қауіпсіздігінің алдын алуына ықпал етеді, ауыр жағдайларды және ауруханаға жатқызуды азайтады, коронавирустық инфекциялардан өлім жайттарын азайтуға көмектеседі. Бүгінгі күнде әлемде коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинаны бірнеше адам алды.

**Тілші:** ***Әрине, ересек адамдар арасындағы екпе алудың нәтижесін көріп отырмыз. Балалардың да осы жолдан өтуі маңызды екендігі айтылуда. Аталған вакцина туралы айтып берсеңіз.***

**Гаухар Серікқызы:** Кең таралған COVID-19 вакцинациясы жоғары қауіпті топтағы кез-келген адамды коронавирустық инфекциялардың ауыр асқынулары мен өлімінен қорғаудың маңызды құралы болып табылады. Пфайзер америка компаниясының Комирнати вакцинасы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДСҰ) 12 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді, жүкті және бала емізетін аналарды вакцинациялау үшін ұсынады. Қазіргі уақытта әлемнің 20-дан астам елінде 12 жастан бастап, жекелеген елдерде 3 жастан бастап (Қытай) және 5 жастан бастап (АҚШ) жасөспірімдерге вакцинация жүргізілуде. Қазақстанда коронавирустық инфекцияларға қарсы вакцинация тегін жүргізіледі және ерікті болып табылады. 12 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерді вакцинациялау білім беру ұйымдарының егу кабинеттерінде жүргізіледі, ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің қалауы бойынша жасөспірімдер медициналық ұйымның егу пункттерінде егілуі мүмкін.

**Тілші:** ***Осынау егу науқанына біздің қаламыздағы мектептер ұжымдары дайын ба?***

**Гаухар Серікқызы:** Әрине, мектеп бекітілген медициналық ұйым жасөспірімдерді вакцинациялау үшін егу бригадаларының медициналық қызметкерлерін даярлауды қамтамасыз етеді. Біздің өңір бойынша егу пункттері толық және қажетті тоңазытқыштармен қамтамасыз етілген, вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін сақтау мен тасымалдаудың әртүрлі деңгейлерінде «суық тізбек» сақталған.

**Тілші:** ***Вакциналау барысында балалар мен ата-аналарға қандай талаптар қойылады? Осы жөнінде толығырақ және түсіндіріп айтсаңыз!***

**Гаухар Серікқызы: Пфайзер өндірген вакцинамен вакцинациялау алдында:**

-ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қатысуымен 12 жастан 18 жасқа дейінгі егілетін адамға тексеру және сұрау жүргізіледі;

-иммундауға қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда, егуді жүргізуге арнайы форматтағы рұқсат ресімделеді;

-егілетін адамға және/немесе оның ата-анасына (заңды өкіліне) профилактикалық егу, ықтимал реакциялар мен иммундаудан кейін жағымсыз жайттар, егуден бас тарту салдары туралы толық және объективті ақпарат беріледі.

**Вакцинациядан кейін:**

Вакцинацияланған адам вакцинациядан кейін 30 минут ішінде вакцинаны алған жерде медицина қызметкерінің бақылауында болады. Вакцинациядан кейін келесі күтілетін реакциялар болуы мүмкін:

-инъекция орнындағы ауырсыну, ісіну, шаршағыштық, бас ауруы, бұлшықет ауыруы, буын ауыруы, қалтырау, диарея, қызба; аталған реакциялардың кейбірі 12-15 жас аралығындағы жасөспірімдерде ересектерге қарағанда біршама жиі кездесуі мүмкін; Иммундаудан кейін жағымсыз салдарлар туындаған жағдайда - медициналық көмекке жүгіну қажет.

**Тілші:** ***«Пфайзер» өндірісінің вакцинасымен вакцинациялауға қарсы көрсетілімдері бар ма?***

**Гаухар Серікқызы:**

-белсенді затқа немесе препараттың кез-келген басқа компоненттеріне аллергия;

-жұмыртқа немесе желатинге аллергияның болуы вакцинация үшін қарсы көрсетілім немесе ескерту емес, өйткені вакцинада бұл компоненттер жоқ;

- 12 жасқа дейін;
- 16 аптаға дейінгі жүктілік.

Жіті инфекциялық аурулары бар адамдар үшін және созылмалы аурулары асқынған кезеңде коронавирустық инфекцияларға қарсы вакцинациялауды кейінге қалдыру керек.

**Тілші:** ***«Пфайзер»өндірісінің вакцинамен вакцинациялау кестесі туралы және екпенің пайдасы жайында айтып өтсеңіз.***

**Гаухар Серікқызы:**

-Екпенің бірінші дозасына – кез-келген күнді таңдайды. Екінші доза – бірінші дозаны алғаннан кейін 21-ден 28 күнге дейінгі аралықпен өлшенеді. Вакцинацияның артықшылықтары туралы айтатын болсам, инфекцияның ауыр ағымы мен асқынуының алдын алады;

-егілгендерді ғана емес, айналадағыларды да (аға-інілер, апа-сіңлілер, туыстар) қорғайды; «ұжымдық иммунитетті» қалыптастырады; иммунизациядан кейін алынған «вакцинация паспорты» сіздің сапарыңызды жеңілдетеді. Вакцинация жүргізер алдында коронавирусқа КВИ мен антиденелердің болуына тексеру жүргізілмейді;

-КВИ-мен ауырып жазылған адамдар сауыққаннан кейін 6 айдан соң, вакцинациялау алдындағы жай-күйін бағалауды ескере отырып, КВИ-ға қарсы вакцинациялауға жатады. КВИ-мен ауырып жазылған адамдарды сауыққаннан кейін 3 айдан соң вакцинациялауға жол беріледі.

**Тілші:** ***Маңызды да, пайдалы сұқбатыңыз үшін рахмет!***

**Н.Қарабектегі,**
***«Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі***

*Халықтың алтын діңгегі*

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҚЫЗМЕТ ТІЛІ

**Тіл – халықтың алтын діңгегі. Өзін-өзі білетін әр халық алдымен өзінің туған тілін сыйлап, мақтан тұта білуі керек. Өйткені халықтың даналығы, жырлары, шежіресі сол халықтың тілінде жазылады. Тіл – қай ұлтта болса да қастерлі, құдіретті ұғым. Ол әр адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі.**

Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «Мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» - деген болатын. Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай міндет емес, себебі ол тіл сол мемлекет иесі болып отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт. Яғни, ол өнер, әдебиет, мәдениетте, баспасөз, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс-қағаздар т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралына айналуы қажет.

Мемлекеттік тіл - сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден- бір құрал. «Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды», - деп М.Әуезов айтқан екен. Тіл - аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Оны білмеу - өзімізге сын. Ана тілі – алтын қазына, ана тілін қадірлеу, беделін нығайту біздің парызымыз.

**Закирова А.И.,**
***«Айналайын» бөбекжайының дефектологы***


## ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРИЕМЕ НА РАБОТУ



**Командование в/ч №18405 МО РК (“База”) объявляет о приеме на работу во вневедомственную охрану на вакантные должности лиц мужского и женского пола, возрастной категории от 20 до 50 лет из числа жителей города Приозерск и пос.Сары-Шаган. Штатная должность и размер заработной платы уточняйте при собеседовании.**

**Контактный телефон для справок:**
**8747-2864367**


*Здоровый образ жизни*

# ВЫБИРАЙ СПОРТ! ВЫБИРАЙ ЗДОРОВЬЕ!

**Выбирая спорт, выбираешь здоровье - основу образа жизни отдельного человека с целью профилактики болезней и укрепления здоровья. Актуальность здорового образа жизни вызвана возрастанием и изменением характера нагрузок на организм человека провоцирующих негативные сдвиги в состоянии здоровья.**

Существуют и иные точки зрения на здоровый образ жизни: «здоровый образ жизни — это система разумного поведения человека (умеренность во всём, оптимальный двигательный режим, закаливание, рациональный режим жизни) на фундаменте нравственно-религиозных и национальных традиций, которая обеспечивает человеку физическое, душевное, духовное и социальное благополучие в реальной окружающей среде.

Оптимальный труд и достаточный отдых также влияют на наше здоровье. Активная деятельность, не только физическая, но и умственная, хорошо действуют на нервную систему, укрепляет сердце, сосуды и организм в целом.

Также наше здоровье зависит от хорошего сна. Достаточный сон необходим для нормальной деятельности нервной системы. Регулярное недосыпание ведёт к снижению работоспособности и сильной утомляемости.

Физическая нагрузка является одним из важнейших средств укрепления здоровья. Даже небольшая каждодневная 20-минутная гимнастика приносит огромную пользу. Гимнастика, атлетика, подвижные игры очень полезны для сердечно-сосудистой системы, лёгких, укрепления опорно-двигательного аппарата. Занятия бегом оказывают положительное влияние на нервную и эндокринную системы.

Здоровый образ жизни выступает в качестве одной из перспективных площадок, способствующих прочной социальной консолидации общества, независимо от




возраста и социального статуса, формированию нации единого будущего.

В современном мире здоровый образ жизни наряду с экономическим развитием находятся в числе ключевых показателей качества жизни граждан, рассматриваются и являются важным аспектом социальной занятости населения.

**Н. Стамкул,**
***руководитель отдела физической культуры и спорта г.Приозерск***

*Жат ағымдардан сақтан!*

# ДІНИ ФАНАТИЗМ - РАДИКАЛИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ БАСТАУ АЛҒАН БҰЛАҒЫ

**Діни фанатизм – белгілі бір діни қағидаларға бас ұрып, соған тәуелді болуды білдіреді. Неміс философы Карл Ясперстің пікірінше, фанат дегеніміз өзін қандай да бір міндетке арнаған және көзі одан басқа ештеңені көрмейтін жан. Ол өз мақсатына жету үшін бейсаналы түрде қолында бардың бәрімен тәуекел етуге даяр.**

Қазақ халқы дінге деген байыпты ұстанымымен ерекшеленген халық. Біздің ұстанған жолымызда дін мен салт-сана өзара үйлесім тауып, сабақтасқан. Тарих беттерін парақтап қарайтын болсақ, қазақ жерінде діни негіздегі қақтығыстардың болмағанын көреміз. Ал бұл күндері өз идеяларын абсолютті ақиқат ретінде санаушы дәстүрлі емес діни ағымдардың әсерінен діни негіздегі бөлінушілік көбейе түсті. Деструктивті топтардың кері бағыттағы идеялары әсерінен Қазақстанның діни алаңында фанаттар қатары пайда болды.

Діндер – бүгінгі таңдағы әлемдегі ұлтаралық тұтастықты нығайтудағы басты фактор. Сондықтан діндерден қайшылықтарды емес, керісінше, ортақ белгілер мен қағидаттарды, ортақ негіздер мен ортақ құндылықтарды, біріктіруші бастауды іздеуге міндеттіміз. Айта кету керек, Қазақстан діни толеранттылық пен конфессияаралық келісім ісінде игі дәстүрлерге ие. Қазақ жері көне заманнан бері сан алуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Ұстазыма немесе пәлен адамға тіл тигізді деп діни фанаттық әрекетке барған дұрыс емес. Негізінде діни фанатизм, діни экстремизмге ал ол болса діни терроризмге жол ашады. Әрине бұның соңы жақсылыққа алып бармайды.

Діни фанатизм араб тілінде «таассуб» деп аталады. Араб тілінде есі ауысқан, жынды болған адамды «асаби» деп атайды. Таассуб діни фанатизмнің шегі. Егер бір мешітте сопы, тариқатшы, сәләфилік бағытты ұстанушы, таблиғшы т.б. діни жамағаттар діні үкім, қағида негізіндегі бірлігін, әуелгі заңды ақиқатқа алып баратын жолды мойындап, ынтымақ бірлікке нұқсан келтірмей бірге намаз оқитын болса, онда ол діни психологиялық тұрғыдан дұрыс ұстанымды, бір ақида, бір ғибадаттықбағыт орнатуға мүмкіндік беруі мүмкін. Ал егер жамағат болып бөлініп, әр жамағаттың өз мешіті болып бөлініп жатса, онда ол жерде берекенің кеткендігінің белгісі ғана емес көп ұзамай-ақ айрандай ұйыған елдің ұйытқысы, қасиетті, киелі ұғым-түсінігін бұзып, елді, ұлтты, мемлекетті қасиетті түсінігі мен бірлігінен айырып, құрдымға жіберетін аса қатерлі қадам деп білу әр бір азаматқа міндет.



Бұндай «таассуб» діни фанатизмнің шарықтау шегі. Дегенмен осы жамағаттың барлығы қандай да бір діни рәсімдерді орындау кезінде дін тегі мен оның үкім-қағидалық негіздерін түсіну-ұғыну талап-тарында елімізде ежелден орныққан діни ұстаным мен оған бастау алатын салт-дәстүр ұстанымдары мен аһли сунна уал жамағатының Абу Ханифа мазхабы бойын-ша елімізде орныққан діни үрдістерімізді терістемей аталған мазхаб бойынша күллі Қазақстан мұсылмандарының басын қосып отырған ҚМДБ-ның имам-пәтуәгерлерінің шешім-қарарларын мойындайтын болса, дұрысын айтқанда, солай етуге олардың білік-білімі, пайым-парасаты, ой-өрісі, қарым-қабілеті жететін болса, онда бірте-бірте кейбір орын алған келеңсіз жағдайлар біздің елден іргесін аулақ салары анық. Егер ондай ұғым-түсінік, діни пайым-парасаттың негіздері мен мақсатын олар қабылдауға қабілетсіз болып қала беретін болса не болады? Қорқынышты!

Жалпы айтқанда діни фанатизм кез келген айрандай ұйып отырған елдің ойранын шығарып, араға жік туғызып кетуі әбден мүмкін. Осы себепті зайырлылық принципі бүгінгі заманның, әсіресе мұсылман қауымы арасында ислам ілімінің мол рухани қорын жаңа тәсілмен таратудың, түсіндірудің кепілі, демек ұлттардың ұлы өркениеттер көшінен қалмай өсіп-өнуінің ең тиімді жолы деуге болады. Сондықтан кейбір діни мәселелерде мемлекеттің дінге араласуы халықаралық аталмыш мәселеге қатысты ұйымдар арасында келісім болуы құптарлық деп есептеймін. Ондай араласу белгілі бір діни топтың мүддесін қорғау, жақтау немесе даттау дегенді білдірмейді.

Қорыта айтқанда көптеген араздықтар мен дұшпандықтардың басты себебі ретінде діни дүмшелік, дінді толық түсін-беуді айтуға болады. Сондықтан да Елба-сымыз: «Біз діни фанатизм мен діни дүм-шеліктен қатар сақтануымыз керек» – дейді. Біздің пікірімізше, діни фанатизмге апаратын да діни дүмшелік болса керек. Сондықтан дінді ұстанушылар діннің тек сыртқы шарттарын ғана емес, рухани кемелдік қағидаларын, адамгершілік ұстындарын да қатар меңгергені дұрыс.

**Н. Стамкул,**
**Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы**

*Религия и общество*

# СОВРЕМЕННОЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАТОЛИЦИЗМА В КАЗАХСТАНЕ В КОНТЕКСТЕ ГОСУДАРСТВЕННО-КОНФЕССИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ

**Развитие католицизма в Казахстане имеет достаточно давнюю историю. Самые первые свидетельства о появлении католических миссионеров на территории современного Казахстана относятся к XIII веку. В 1245-1247 гг. было совершено путешествие в Монгольскую империю францисканских монахов: легата Папы Римского Иннокентия IV, итальянца Джованни Дель Плано Карпини и его польского собрата, Бенедикта.**

Католическая церковь в Казахстане продолжила свое развитие и во времена Российской империи. Во второй половине XIX века - начале XX в. католиками была часть военнослужащих царской армии, проходивших военную службу на территории современного Казахстана, ссыльных, добровольных переселенцев, военнопленных и беженцев, оказавшихся в Казахстане. Среди них были поляки, литовцы, чехи, немцы, французы, латыши, венгры, австрийцы и другие народы.

После Октябрьской революции 1917 года Католическая церковь, наряду с другими религиями, испытала жесточайшие преследования. В СССР происходит практически полное уничтожение католических церковно-административных структур. Сталинские репрессии привели к тому, что большое число католиков, главным образом, немцы, украинцы и поляки по национальности, оказались в Казахстане в ссылках и лагерях, многие из них погибли. Исчезновение многих приходов также было связано и с возвращением поляков в Польшу и на Украину. Многие из священников, которые отбыли наказание в лагерях, после выхода на свободу остались в Казахстане служить местным верующим католикам.

В Казахстане, сразу после обретения независимости, католической церкви стало намного легче осуществлять свою деятельность, а верующим, без боязни исповедовать свою веру. В 1991 году Папой Римским Иоанном Павлом II была учреждена Апостольская администратура для Казахстана и Средней Азии. Её первым администратором был назначен Епископ Ян Павел Ленга, работающий и живущий в Казахстане с 1981 года. Апостольская администратура Казахстана разделена на Карагандинскую епархию а также три Апостольские администратуры: Астанайскую, Атыраускую и Алматинскую.

17 октября 1992 года Святой Престол и Республика Казахстан официально заключили дипломатические отношения. Дипломатические представители государств имеют статус дипломатов «adpersonam» и ранг Апостольского нунция и Чрезвычайного и Полномочного Посла (по совместительству). Первым Апостольским нунцием, послом Ватикана в Казахстане и одновременно в Кыргызстане, Таджикистане и Узбекистане был назначен титулярный Архиепископ Мариан Олесь. В настоящее время апостольским нунцием в Казахстане является архиепископ Фрэнсис Ассизи Чулликатт.

Исторически важным итогом встреч на высшем уровне Президента Казахстана Н.А.Назарбаева с Папой Римским Иоанна Павла II стало Соглашение о взаимном сотрудничестве между Правительством Республики Казахстан и Святым Престолом, подписанное 24 сентября 1998 года и ратифицированное 30 июля 1999 года. Это был первый официальный визит президента Казахстана в Ватикан.

Но главным событием для всех католиков Казахстана был визит Папы Римского Иоанна Павла II, который состоялся 22-25 сентября 2001 года. Казахстан стал для Понтифика 127 страной, которую он посетил за время своего нахождения на Святом Престоле. Трагические события, произошедшие 11 сентября в США, наложили на этот приезд особую ауру противостояния попыткам разделения христианской и исламской цивилизаций.

Результатом этого визита стало дальнейшее укрепление взаимоотношений между Казахстаном и Ватиканом, и наглядным подтверждением этого служит награждение Президента Н.А.Назарбаева орденом Пия - высшей наградой, которой в мире удостоены всего 15 глав государств.

На сегодня в республике функционирует 84 католических общин, в которых работают два архиепископа (один в должности митрополита), три епископа и свыше 60 священников. Священниками католических приходов в Казахстане являются в основном зарубежные миссионеры. По большей части это граждане Польши, Чехии, Словакии, США, Италии, Латвии, Литвы и Южной Кореи. Многие священнослужители не имеют казахстанского гражданства. Также в Казахстане действует более тридцати мужских и женских монашеских конгрегаций (более 154-ти монашествующих). Помимо католиков латинского обряда в стране существует «УГКЦ» - Украинская греко-католическая церковь.

Большую работу Римско-католическая церковь проводит по осуществлению благотворительной деятельности. В рамках благотворительного проекта «Caritas, с 1994 года в г. Алматы действует благотворительная амбулатория для малоимущих. Оказывается помощь тяжело больным, одиноким, инвалидам, престарелым. Также действует еще несколько благотворительных медицинских учреждений.




В Католических храмах действуют специальные занятия (детские, юношеские, для взрослых) по изучению основ католицизма, подготовке к конфирмации, крещению, венчанию. Большое внимание уделяется воспитанию детей и молодежи. При многих общинах организованы детские сады, в летнее время создаются детские лагеря отдыха, проводятся молодежные фестивали, пешие паломнические походы.

Римско-Католическая Церковь присутствует и в интернет пространстве Казахстана. Имеются официальные сайты Архиепархии Святой Марии в Астане и Римско-Католического Прихода Пресвятой Девы Марии Святого Розария в городе Усть-Каменогорск. В городе Караганде издается газета «Кредо», тиражом 3850 экземпляров.

При Католической церкви в Алматы создан единый для католиков республики Церковный суд - это отдельная от епархиального управления епископская инстанция, рассматривающая церковные споры, дела о несостоятельности брака и т. д.

По-другому стоит вопрос в прозелитической деятельности среди этнического казахского населения. Католические священники служат практически во всех странах мира, и Республика Казахстан в этом случае не исключение. Римско-католическое духовенство, на сегодняшний день, на должном уровне владеет государственным языком, что дает им возможность работать и с казахоязычными прихожанами. В целом, церковь не ставит никаких языковых барьеров в работе с верующими. Исторический международный опыт показывает, что католические священники могут работать с людьми говорящими на любом языке. В церквах богослужения проводятся на русском, украинском, немецком, английском, польском и казахском языках. Расширяется национальный состав верующих, всего более 20 национальностей.

За годы своей независимости, в Казахстане сложилась межнациональная и межрелигиозная стабильность. А это, как известно, залог процветания любой страны. В республике, большинство населения которого исповедует традиционный ислам, и где христианство в большей степени представлено православием, Римская-католическая церковь занимает свое достойное место среди верующих. На данный момент вся католическая община Казахстана и мусульманская часть населения живет в полной гармонии и согласии.

**ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»,**
***По материалам из открытых источников***

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, КОНКУРС !

**Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі келесі бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:**

***Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Балбөбек» бөбекжайы КМҚК директоры.***

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Балбөбек» бөбекжайы» ҚМҚК орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 101100 Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Кисунько көшесі, 7 а үй, тел. 8 (71039) 54229.

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Балақай» бөбекжайы КМҚК директоры.

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Балақай» бөбекжайы» ҚМҚК орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 101100 Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Жеңіс бульвары көшесі, 32/2 үй, тел. 8 (71039) 55131.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар**: Жоғары педагогикалық білімі және мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілінің 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Конкурсқа жіберілген үміткерлер белгіленген тәртіппен конкурсқа қатысуға жіберілген адамдар тізімдері бекітілген соң он күнтізбелік күн ішінде Приозерск қаласы, Достық көшесі, 23, 3 кабат, 1 кабинет, мекенжайы бойынша Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде әнгімелесуден өтеді.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:** Білім беруді басқару органы басшысының атына тұрғылықты тіреку орны, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініш; жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі; білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі; еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін; кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото; қолданыстағы жазалаулары мен көтермелеулерін көрсете отырып, алдыңғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме; қолданыстағы біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда); бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама; сотталығының жоқ екендігі туралы анықтама; сыбайлас жемқорлық сипатында қылмыс жасағаны туралы мәліметтің болуы не болмауы туралы анықтама; тестілеуден өткендігі туралы анықтама (болған жағдайда); біліктілікті арттыу, қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (болған жағдайда); білім берудегі менеджмент бойынша жетпіс екі сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі растайтын құжат; мемлекеттік білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспары.

**Құжаттар БАҚ ресми басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде келесі мекенжайға тапсырылуы тиіс: Приозерск қаласы, Достық көшесі, 23, 1 каб. (үшінші қабат), байланыс телефоны 8(71039) 54190.**

## ВНИМАНИЕ, КОНКУРС !

**ГУ «Отдел образования города Приозерск» управления образования Карагандинской области объявляет конкурс на занятие вакантной должности:**

***Директор КГКП «Ясли-сад «Балбөбек» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области.***

Местонахождение КГКП «Ясли-сад «Балбөбек» отдела образования города Приозерск» управления образования Карагандинской области, Карагандинская область, город Приозерск индекс:101100, улица Кисунько 7 а, тел. 8 (71039) 54229.

Директор КГКП «Ясли-сад «Балақай» отдела образования гороад Приозерск управления образования Капрагандинской области.

Местонахождение КГКП «Ясли-сад «Балақай» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области, индекс:101100, Карагандинская область, город Приозерск, улица бульвар Женис 32/2, тел. 8 (71039) 55131.

**Требования к квалификации:** высшее педагогическое образование и стаж педагогической работы в дошкольных организациях - не менее 5 лет.

Кандидаты, допущенные к участию в конкурсе, проходят собеседование в установленном порядке в ГУ «Отдел образования города Приозерск» управления образования Карагандинской области по адресу: г.Приозерск, ул. Достык, 23, каб. 1 в течение десяти календарных дней после утверждения списка лиц, допущенных к участию в конкурсе.

**Документы, необходимые для участия в конкурсе:** заявление об участии в конкурсе; документ, удостоверяющий личность (для идентификации); автобиография в произвольной форме; копии документов об образовании; копию документа, подтверждающую трудовую деятельность; личный листок по учету кадров и фото; производственную характеристику с прежнего места работы; копию документа об имеющейся квалификационной категории и ученой степени (при ее наличии); справку об отсутствии судимости; справку о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления; документ о прохождении тестирования (при наличии); документ о прохождении курсов повышения квалификации, переподготовки (при наличии); документ, подтверждающий прохождение курсов повышения квалификации по менеджменту в образовании не менее семидесяти двух часов; перспективный План развития организации образования. справка о состоянии здоровья.

**Документы должны быть представлены в течение 7 календарных дней со дня опубликования объявления о проведении конкурса в СМИ по адресу: г.Приозерск, ул.Достык, 23, каб.1 (3 этаж), конт.тел. 8 (71039) 54190.**

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16**
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов,
кроме выходных

***

**“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-97**
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр ап-таның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап,
Аппарат басшысы,
Әдеп жөніндегі уәкіл-апта сайын бейсенбі күндері
сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Акима города Приозерск” 5-41-97**
График приема граждан:
Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.
Руководитель аппарата, уполномоченный по этике - еженедельно по четвергам с 17.00 до 18.00 часов

***

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі күні
сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам
с 17.00 до 18.00 часов

***

**“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-38-76**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-38-76**
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

***

**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**
График приема граждан руководителем отдела ежедневно, с 16.00 часов.

***

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-38-70.**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-38-70.**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

***

**“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейн

**Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92**
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

***

**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99, 5-33-81**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99, 5-33-81**
График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов

***

**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17**
Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17**
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – Пятница
с 17.00 до 18.00 часов

***

**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-40-95.**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:әр аптаның дүйсенбі күні
сағат 17.00 ден бастап.

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-40-95.**
Личный прием граждан руководителем еженедельно по понедельникам с 17.00 часов

***

**“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-24-87**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

**Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-24-87**
График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

***

**«Приозерск қаласының санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны** тел: **5-27-27**,
факс: (871039) 5-41-13

**Телефон доверия республиканского государственного учреждения «Приозерское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля»** тел: **5-27-27**,
факс: (871039) 5-41-13

**Собственник: ИП Струментов А.В.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.
Свидетельство о переучете ППИ **№ 17414-Г** от 24.12.2018 г.
**Адрес редакции**: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15,
Заказ № 46/742. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,
формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*